

Қамқоршылық кеңес мүшелері
Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінде қамқоршылық кеңес
отырысының өтуі жөнінде

Хабарлама

Кеңес төрайымы- Картов И.А. Кеңсахара ЖОББМ Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтетіні туралы хабарлайды.

Өткізу нысаны: жиналыс

Өтетін орны: Кеңсахара ЖОББМ

Өтетін күні: 15.05.2021

Өтетін уақыты: 15.00

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету.
3. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды ыстық тамақ ішуін ұйымдастыру.

Отырысқа кешікпей келулеріңіз сұралады. Егер қатыса алмайтын жағдай болған кезде қамқоршылық кеңес хатшысына хабарлауыңызды сұраймыз.

Телефон: 8707 362 06 47

Кеңсахара ЖОББМ

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



И.А. Картов

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 1 хаттамасы

Күні: 28.08.2020

Қатысқандар: 10

Кеңес төрағасы: Картов И.А.

Кеңес мүшелері: Оразалиева Д.С.

Алманиязова З.Е.

Ильясова А.Ж.

Сапарова Г.С.

Ермекова М.Б.

Балтурина К.О.

Жаксыбаев Ж.Т.

Куанышбаева А.Қ.

Хатшы: Умбеталина Р.К.

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңестің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету.
- 3.Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды ыстық тамақ ішуін ұйымдастыру.

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Умбеталин Мурат Алибекович сөз алып, мектебіміздің оқу-тәрбие үрдісі мен материалды-техникалық базасын жетілдіруде қамқоршылық кеңестің маңызды рөл атқаратыны айтты.

Картов Ислам Алимович сөз алып, 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарында мектептің өз деңгейінде дамуы үшін атқарылуы тиіс іс-шараларды бекітуде мектеп директорымен ақылдасудың маңыздылығын айтып, сөз кезегін мектеп директорына берді. Мурат Алибекович өз кезегінде кеңес мүшелерін биылғы жылы мектеп үшін атқарылуы тиіс іс-шаралармен таныстырды, кеңес мүшелері жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітті.

Екінші мәселе бойынша 2020-2021 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық акциясын ұйымдастыру әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалудың алдын алу, 6-17 жас аралығындағы балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары мен көп балалы отбасылардан және жетім ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында білім беру мекемелерінде 2020 жылдың 1 тамыз 30 қыркүйек аралығында өткізіледі. Мұхтаж балаларға материалдық көмек көрсету үшін мәслихаттармен, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастық ұйымдастырылады. Әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету үшін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын, тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Сол себепті әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға көмек қолымызды созып демеуші болайық деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Умбеталина Р.К. жаңа оқу жылында Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі әлеуметтік мәртебеге ие 29 (жиырма тоғыз) оқушы бар. АӘК– 4 оқушы; Күнкөріс денгейі төмен– 12 оқушы; Басқа санаттар– 13 оқушы мектеп асханасынан ыстық тамақ ішеді.


Шешімі:

- Қамқоршылық кеңестің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітіліп, іске асырылсын.
- «Мектепке жол» акциясының жоспары құрылып, балаларға мектеп формасы, оқу құралдары, киім-кешек, аяқ киім және тағы басқа заттар ұйымдастырылып, берілсін.
- «Мектепке жол» акциясына барлық мұғалім өз үлесін қоссын.
- Жаңа оқу жылында мектеп асханасынан әлеуметтік Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі бойынша мәртебеге ие 29 (жиырма тоғыз) балаға ыстық тамақ беріліп, кезекші мұғалімдер бекітілсін.


Кеңес төрағасы:  Картов И.А.


Хатшы:  Умбеталина Р.К.

Кенес мүшелері: Оразалиева Д.С. 

Алманиязова З.Е. 

Ильясова А.Ж. 

Сапарова Г.С. 

Ермекова М.Б. 

Балтурина К.О. 

Жаксыбаев Ж.Т. 

Куанышбаева А.Қ. 